

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 40-VI ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық материал – адамның немесе қайтыс болған адам денесінің (сүйегінің) геномдық ақпараты бар тіндері мен шығындылары;

2) биологиялық туыстар – қандас туыстығы бар адамдар: ата-аналар (ата-ана), балалар, ата, әже, немерелер, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек, немере, шөбере аға-інілер мен апа-сіңлілер (қарындастар), нағашы ағалар, нағашы апалар, жиендер;

3) геномдық ақпарат – адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін оның дезоксирибонуклеин қышқылының белгілі бір фрагменттері туралы кодталған ақпарат және осы Заңның талаптарына сәйкес дербес деректер (ол болған кезде);

4) геномдық тіркеу – дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, биологиялық материалды іріктеу, сақтау, пайдалану, жою, адамның жеке басын анықтау немесе растау бойынша жүзеге асыратын қызмет;

5) дактилоскопиялық ақпарат – адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін оның қолдарының саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы биометриялық деректер және осы Заңның талаптарына сәйкес дербес деректер;

6) дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық және (немесе)

геномдық тіркеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдары, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ұлттық қауіпсіздік органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

7) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты бұғаттау – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, беруді, иесіздендіруді, жоюды уақытша тоқтату жөніндегі әрекеттер;

8) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жою – жасалуы нәтижесінде дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты қалпына келтіру мүмкін болмайтын әрекеттер;

9) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты иесіздендіру – нәтижесінде дактилоскопиялық немесе геномдық ақпараттың нақты адамға тиесілі екенін айқындау қосымша ақпаратты пайдаланбай мүмкін болмайтын әрекеттер;

10) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты өңдеу – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, беруге, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер;

11) дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты пайдалану – дактилоскопиялық немесе геномдық тіркеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратпен жасалатын әрекеттер;

12) дактилоскопиялық тіркеу – дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау бойынша жүзеге асыратын қызметі;

13) материалдық жеткізгіштер – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпараты бар дактилоскопиялық немесе ақпараттық карталар, магниттік, электрондық немесе өзге де жазба түрлерін жеткізгіштер;

14) танылмаған мәйіт – денесі (сүйектері) табылған кезде жеке басы анықталмаған қайтыс болған адамның денесі (сүйектері).

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңда көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық және геномдық тіркеуге байланысты қатынастар осы Заңмен реттеледі.

3-бап. Қазақстан Республикасының дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу қағидаттары

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу:

- 1) адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын және бостандықтарын сақтау;
- 2) заңдылық;
- 3) міндеттілік;
- 4) ізгілік;
- 5) құпиялылық;
- 6) адам денсаулығы үшін қауіпсіздік;
- 7) жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына сәйкес жүргізіледі.

5-бап. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің мақсаты

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу дактилоскопиялық немесе геномдық ақпарат негізінде жеке басын анықтау және (немесе) растау мақсатында жүргізіледі.

6-бап. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттері

1. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде дактилоскопиялық ақпаратты жинауға, өңдеуге немесе геномдық ақпаратты жинауға, өңдеуге, қорғауға, биологиялық материалды іріктеуге, сақтауға, пайдалануға және жоюға құқығы бар.

2. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және осы Заңға сәйкес дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты қорғау үшін қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдануға және сақтауға;

2) осы Заңда белгіленген жағдайларда дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинау, жинақтау, сақтау, беру, бұғаттау, иесіздендіру, өзгерту, толықтыру, пайдалану, жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің, сот шешімі бойынша

әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар қорғаншыларының дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүзеге асыру кезінде:

1) өзінің дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратымен немесе өздері заңды мүдделерін білдіретін адамның дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратымен танысуға және (немесе) осындай ақпаратты алуға;

2) өздерінің дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратын немесе өздері заңды мүдделерін білдіретін адамның дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратын жинауға және (немесе) өңдеуге, қорғауға байланысты мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

1-1. Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңда белгіленген жағдайларда дактилоскопиялау және (немесе) биологиялық материалды іріктеу рәсімінен өтуіне құқығы бар.

2. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуге жататын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы Заңда белгіленген жағдайларда дактилоскопиялау және (немесе) биологиялық материалды іріктеу рәсімінен өтуге міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинауға, өңдеуге және қорғауға қойылатын негізгі талаптар

1. Дактилоскопиялық және геномдық ақпарат қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге жатады.

2. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау және өңдеу шарттары оны жоғалту, бұрмалау және оған санкцияланбаған қол жеткізу, сол сияқты дактилоскопиялық немесе геномдық ақпараты бар электрондық ақпараттық ресурстарға құқыққа сыйымсыз және (немесе) әдейі жасалмаған қол жеткізу және (немесе) ықпал ету мүмкіндігін болғызбауға тиіс.

3. Дактилоскопиялық және геномдық ақпарат мемлекет кепілдік беретін қорғауға жатады. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау және өңдеу оны қорғау қамтамасыз етілген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты қорғау Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы, дербес деректер және оларды қорғау, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинауды және (немесе) өңдеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оның қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, биологиялық материалды іріктеу, сақтау, пайдалану, жою дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты бұғаттау, иесіздендіру, беру

1. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты иесіздендіруді, сондай-ақ иесіздендіруді алып тастауды жүзеге асырады.

2. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарының бұзылуы туралы ақпарат болған жағдайда оны бұғаттауды, сондай-ақ тексеру іс-шаралары жүргізілгеннен және бұзушылықтар жойылғаннан кейін бұғаттауды алып тастауды жүзеге асырады.

3. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жедел-ізвестіру, барлау, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен бірлескен нормативтік құқықтық актілердің негізінде дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты бұғаттауды және (немесе) иесіздендіруді, сондай-ақ бұғаттауды және (немесе) иесіздендіруді алып тастауды жүзеге асырады.

4. Дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты соттарға, құқық қорғау органдарына, арнаулы мемлекеттік органдарға, атқарушылық іс жүргізу, анықтау, тергеу органдарына беру дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдары негізінде жүзеге асырылады.

5. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратты шет мемлекеттерге беруі мүмкін.

2-тарау. ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ТІРКЕУДІ ЖҮРГІЗУ

10-бап. Дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамдар

1. Бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің келісімімен дактилоскопиялық тіркелуге жатады.

2. Міндетті дактилоскопиялық тіркеуге он алты жасқа толған:

1) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

3) бірінші рет шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін алу үшін немесе оны қалпына келтіру, ауыстыру үшін жүгінген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

4) пана іздеген адам мәртебесін алу туралы өтінішхат берген, бірінші рет босқын куәлігін және (немесе) жол жүру құжатын алу үшін немесе оларды қалпына келтіру, ауыстыру үшін жүгінген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге шығарып жіберілуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақшасының күші 01.07.2025 дейін Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында визаларды және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне бармай электрондық форматта берілетін визаларды ресімдеу және беру бөлігінде тоқтатыла тұрады – осы Заңның 39-бабымен.

6) Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жатады.

3. Дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдар осы баптың 1-тармағында, 2-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша қайта жүгінген кезде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары айқындайтын тәртіппен верификациялау рәсімінен өтеді.

4. Он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалар Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу кезінде осы Заңның 11-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен ерікті негізде дактилоскопиялық тіркелуге жатады. Он екі жасқа толмаған балалар дактилоскопиялық тіркелуге жатпайды.

5. Дактилоскопиялауға мүмкіндік бермейтін дене кемістіктері бар адамдар жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатылады. Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша бекітеді.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге шығарып жіберілуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын, дене кемістіктері бар (екі қолының

барлық саусағының болмауы немесе екі қолының барлық саусағының тырнақ фалангаларында папиллярлық бедерлердің болмауы) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар қолдарының алақандары бойынша дактилоскопиялық тіркелуге жатады.

Егер адамның екі қолының барлық саусағы немесе қолбасы болмаған жағдайда, ол:

1) егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, дактилоскопиялық тіркеуден өтуден;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімінен босатылады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңдарымен.

11-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты жинау тәртібі

1. Дактилоскопиялық тіркеуді:

1) осы Заңның 10-бабының 1-тармағында аталған адамдарға қатысты – ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде ресімдеген жағдайда – сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

2) осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдарға қатысты – көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

3) осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 2) – 4) тармақшаларында аталған адамдарға қатысты – ішкі істер органдары;

4) осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында аталған адамдарға қатысты – өз құзыретіне сәйкес ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары;

5) осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында аталған адамдарға қатысты – өз құзыретіне сәйкес сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ішкі істер органдары жүргізеді.

2. Он екі жастан он алты жасқа дейінгі балаларға қатысты дактилоскопиялық тіркеу олардың келісімімен баланың заңды өкілінің қатысуымен және жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

3. Сот әрекетке қабілетсіз деп анықтаған Қазақстан Республикасының азаматын, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды дактилоскопиялық тіркеу оның қорғаншысының қатысуымен және жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

4. Дактилоскопиялық ақпаратты жинау дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіштердегі мәліметтер

Жеке басты куәландыратын құжаттарды, Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу, Қазақстан Республикасында тұрақты немесе уақытша тұруға рұқсат беру

кезінде дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіштерде қамтылатын мәліметтердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге шығарып жіберілуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратында қамтылатын мәліметтердің тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен айқындалады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты өзгерту және (немесе)толықтыру

Дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын өзгерту және (немесе) толықтыру дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты жинақтау және сақтау

Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу кезінде алынған дактилоскопиялық ақпаратты жинақтауды және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақпараттық ресурсты қалыптастыру арқылы ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинақтауды және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақпараттық ресурсты қалыптастыру арқылы көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

15-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты сақтау мерзімдері

1. Ішкі істер органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган дактилоскопиялық ақпаратты:

осы Заңның 10-бабының 1-тармағында аталған адамдар туралы дерекқорда – олардың қайтыс болу фактісі анықталғаннан кейін, сот азаматты хабарсыз кеткен деп таныған немесе азаматты қайтыс болды деп жариялаған, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған немесе одан шыққан жағдайларда, олар жүз жасқа толған күнге дейін;

осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 1) – 6) тармақшаларында, 4-тармағында аталған адамдар туралы дерекқорда – тіркелген күнінен бастап он жыл сақтайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін ішкі істер органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Заңның 10-бабы 2-тармағының 1) – 6) тармақшалары, 4-тармағы негізінде дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдар туралы дактилоскопиялық ақпаратты архивтерде материалдық жеткізгіштерде қырық жыл сақтайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты пайдалану

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық тіркеу кезінде алынған дактилоскопиялық ақпараты:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын растау және (немесе) анықтау;

2) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу және бақылау;

3) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарды дактилоскопиялық ақпарат бойынша адамның жеке басын растау рәсімі арқылы есепке алу және бақылау үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша адамның жеке басын растау рәсімінен дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша өтініші бойынша, сондай-ақ осы Заңның 10-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда босатылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты жою

1. Дактилоскопиялық ақпаратты оны жинақтауды және сақтауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жояды.

2. Дактилоскопиялық ақпарат осы Заңның 15-бабында көзделген оның сақталу мерзімдері өткен соң жойылады.

3. Дактилоскопиялық ақпаратты жою ішкі істер органдарының, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшелерінің басшылары бекітетін актілер бойынша:

1) дактилоскопиялық ақпаратты жою күні, негізі;

2) тіркелген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жынысы, туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі;

3) жою тәсілі;

4) дактилоскопиялық ақпаратты жоюды жүзеге асырған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы мен қолтаңбасы көрсетіле отырып жүргізіледі

3-тарау. ГЕНОМДЫҚ ТІРКЕУДІ ЖҮРГІЗУ

18-бап. Геномдық тіркеуге жататын адамдар

1. Міндетті геномдық тіркеуге:

1) ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сотталған адамдар;

2) ашылмаған ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңында белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған анықталмаған адамдар;

3) танылмаған мәйіттер жатады.

2. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстары, бірінші кезекте, ата-аналары (ата-анасы) және (немесе) балалары (баласы), ал олар болмаған кезде туыстық дәрежесіне қарай басқа да биологиялық туыстары осы Заңда көзделген тәртіппен олардың келісімімен геномдық тіркеуге жатады.

19-бап. Геномдық тіркеуді жүргізу тәртібі

Геномдық тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, геномдық тіркеуге жататын адамдардан, танылмаған мәйіттерден биологиялық материалды іріктеу, сондай-ақ ашылмаған ауыр немесе аса ауыр қылмыс орындарынан анықталмаған адамдардың биологиялық материалын сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алу жүргізіледі;

2) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдардың биологиялық материалы геномдық ақпарат алу және геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесіне жіберіледі;

3) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 2-тармағында аталған адамдардың және танылмаған мәйіттердің биологиялық материалы зерттеу жүргізу және геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесіне немесе сот сараптамасын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына (бұдан әрі – сот сараптамасы органдары) немесе лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаға жіберіледі.

Сот сараптамасы органдары немесе лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға сот молекулярлық-генетикалық сараптамалар жүргізу кезінде алынған геномдық ақпараттың көшірмесін геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесіне жібереді.

20-бап. Биологиялық материалды іріктеу кезінде алынатын мәліметтер

1. Геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеу кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның қызметкері әрбір сотталған адамға ақпараттық карта ашады, оған мынадай мәліметтер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), азаматтығы, жынысы, туған күні және жері, тұрғылықты жері немесе болатын жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде) немесе тіркелетін адам туралы деректер алынған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі;

2) геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бөлімшесінің атауы;

3) геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеуді жүргізу күні және негізі ;

4) адам сотталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы;

5) биологиялық материалды іріктеуді жүзеге асырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы және қолтаңбасы;

6) кәмелетке толмаған адамды қоспағанда, геномдық тіркеу үшін биологиялық материалын іріктеу жүргізілген адамның қолтаңбасы енгізіледі. Тіркелетін адам ақпараттық картаға қол қоюдан бас тартқан кезде картада бұл туралы жазба жасалады;

7) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің қолтаңбалары енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңында белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеу кезінде анықтау, тергеу органдары ақпараттық картаға осы баптың 1-тармағының 1) – 3), 5) – 7) тармақшаларында көзделген мәліметтерді, сондай-ақ сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның қорғаншысының қолтаңбасын енгізеді. Ақпараттық картаға процестік әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңында белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған анықталмаған адамдарды геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеу кезінде анықтау, тергеу органдары ақпараттық картаға мынадай мәліметтерді енгізеді:

1) геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бөлімшесінің атауы;

2) биологиялық материалдар алуды жүргізу күні және негізі, қылмыстық істің нөмірі немесе ақпаратты есепке алу кітабындағы тіркеу нөмірі;

3) әрекеттің саралануы, қылмыс жасалған күн және орын;

4) лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы және қолтаңбасы.

Ақпараттық картаға процестік әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

4. Танылмаған мәйіттерді геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеу кезінде ақпараттық карталарға осы баптың 3-тармағында көзделген мәліметтер,

сондай-ақ танылмаған мәйіт табылған күн және орын, жынысы, ерекше белгілері және қайтыс болу себебін көрсету (ол болған кезде) енгізіледі. Ақпараттық картаға процестік әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-бап. Биологиялық материалды іріктеу және пайдалану

1. Геномдық тіркеуді жүргізу үшін биологиялық материалды іріктеуді:

1) геномдық тіркеуге жататын сотталғандардан – ішкі істер органдары;

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңында белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында биологиялық материалы алынған анықталмаған адамдардан – ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесінің және (немесе) сот медицина мамандарын тарта отырып және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің талаптарын сақтай отырып, қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын анықтау, тергеу органдары;

3) хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан – ішкі істер органдары;

4) танылмаған мәйіттерден – сот медицинасы саласындағы дәрігер маманды тарта отырып, ішкі істер органдары жүзеге асырады.

2. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды іріктеу олардың жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

Хабарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын кәмелетке толмаған адамнан биологиялық материалды іріктеу оның келісімімен заңды өкілінің қатысуымен және жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

Сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған және хабарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын адамнан биологиялық материалды іріктеу оның қорғаншысының қатысуымен және жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

3. Бастапқыда биологиялық материал геномдық ақпарат алуды болғызбайтындай сапасыз іріктелген жағдайда, геномдық тіркеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесінің сұрау салуы бойынша геномдық тіркеуге жататын сотталғандардың, хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалын қайта іріктеу жүргізіледі.

4. Геномдық тіркеуді жүргізу үшін іріктелген биологиялық материал геномдық ақпарат алу үшін пайдаланылады.

5. Геномдық тіркеу үшін биологиялық материал бұрын одан өткен адам сотталған кезде іріктелмейді.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Биологиялық материалды сақтау мерзімдері

1. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, анықталмаған адамдардың, сондай-ақ танылмаған мәйіттердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдеме деп танылған биологиялық материалын сақтау мерзімдері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының талаптарына сәйкес айқындалады.

2. Сотталған адамдарды геномдық тіркеуді жүргізу үшін іріктелген биологиялық материал іріктелген күнінен бастап одан геномдық ақпарат алғанға дейін сақталады.

23-бап. Биологиялық материалды жою

1. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, анықталмаған адамдардың, танылмаған мәйіттердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдеме деп танылған биологиялық материалы геномдық ақпарат алынғаннан кейін анықтау, тергеу органдарына қайтарылады.

2. Сотталған адамдарды геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған биологиялық материалды осы Заңның 22-бабының 2-тармағында белгіленген сақталу мерзімдері өткеннен кейін ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесі геномдық ақпаратты алғаннан кейін оның басшысы бекітетін актілер бойынша:

- 1) биологиялық материалды жою күнін, негізін;
- 2) тіркелген адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жынысын, туған күнін және жерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін;
- 3) жою тәсілін;
- 4) биологиялық материалды жоюды жүзеге асырған лауазымды адамдардың тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), лауазымын және қолтаңбасын, уәкілетті бөлімшенің атауын көрсете отырып жояды.

24-бап. Геномдық ақпараты бар материалдық жеткізгіштерде қамтылатын мәліметтер

Геномдық ақпараты бар материалдық жеткізгіш ақпараттық картадан осы Заңда белгіленген мәліметтерді, сондай-ақ:

- 1) геномдық ақпарат алуды жүзеге асырған мемлекеттік орган бөлімшесінің атауын;
- 2) қылмыстық істің нөмірін;
- 3) сот сарапшысы қорытындысының немесе маман қорытындысының нөмірін және күнін;
- 4) геномдық ақпаратты;
- 5) биологиялық объектінің атауын және геномдық ақпараты сот сараптамасы немесе зерттеу нәтижесінде алынған адамның процестік мәртебесін қамтуға тиіс.

25-бап. Геномдық ақпаратты алу

Геномдық тіркеуге жататын адамдар туралы геномдық ақпаратты:

- 1) геномдық тіркеуге жататын сотталғандардың биологиялық материалынан алуды – ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесі;

2) анықталмаған адамдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған, хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, танылмаған мәйіттердің биологиялық материалынан алуды – ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесі немесе анықтау, тергеу органдары сот сараптамасын тағайындаған жағдайда, сот сараптамасы органы, лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға жүзеге асырады.

26-бап. Геномдық ақпаратты өзгерту және (немесе) толықтыру

Геномдық тіркеуден өткен адамдардың геномдық ақпаратын өзгерту және (немесе) толықтыру дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

27-бап. Геномдық ақпаратты жинақтау және сақтау

Геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпаратты жинақтауды және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақпараттық ресурстарда ішкі істер органдары жүзеге асырады.

28-бап. Геномдық ақпаратты пайдалану

1. Геномдық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпарат:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау және белгілеу;

2) Қазақстан Республикасының хабарсыз кеткен азаматтарын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды іздестіру;

3) танылмаған мәйіттер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын анықтау;

4) іздестіріліп жатқан немесе анықталып жатқан адамдардың туыстық қатынастарын анықтау мақсатында пайдаланылады.

2. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының геномдық ақпараты осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген мақсатта пайдаланылады.

29-бап. Геномдық ақпаратты сақтау мерзімдері

1. Геномдық тіркеуге жататын сотталған адамның геномдық ақпараты геномдық тіркелген күнінен бастап оның қайтыс болу фактісі анықталғаннан кейін жиырма бес жыл өткенге дейін, ал оның қайтыс болғаны туралы мәліметтер болмаған немесе сот оны қайтыс болды деп жариялаған кезде ол жүз жасқа толған күнге дейін сақталады.

2. Биологиялық материалы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған анықталмаған адамдарды геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат геномдық тіркелген күнінен бастап жиырма бес жыл сақталады.

3. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарын геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат хабарсыз кеткен адамның жүрген жері анықталғанға немесе оқиғаның немесе қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін сақталады.

4. Танылмаған мәйіттерді геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат қайтыс болған адамның жеке басын анықтағанға дейін, бірақ геномдық тіркелген күнінен бастап жиырма бес жылдан аспай сақталады.

30-бап. Геномдық ақпаратты жою

1. Геномдық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпаратты осы Заңда көзделген сақтау мерзімдері өткеннен кейін, оны сақтауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары жояды.

2. Сотталғаннан кейін геномдық тіркеуге ұшыраған ақталған адамның геномдық ақпараты соттың ақтау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін бір жылдан ерте жойылмайды.

3. Геномдық тіркеу кезінде алынған геномдық ақпаратты жоюды ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесі оның басшысы бекітетін актілер бойынша:

- 1) геномдық ақпаратты жою күнін және негізін;
- 2) геномдық ақпараттың тіркеу нөмірін;
- 3) тіркелген адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жынысын, туған күнін және жерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжатының нөмірін;
- 4) жою тәсілін;
- 5) геномдық ақпаратты жоюды жүзеге асырған лауазымды адамдардың тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), лауазымын және қолтаңбасын, уәкілетті бөлімшенің атауын көрсете отырып жүзеге асырады.

Танылмаған мәйіттің геномдық ақпаратын жою актісінде анықтау, тергеу органының атауы және геномдық тіркеуге бастамашы болған лауазымды адам, қылмыстық істің нөмірі, әрекеттің саралануы, танылмаған мәйіт табылған күн және орын көрсетіледі.

4-тарау. ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНОМДЫҚ ТІРКЕУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

31-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласында:

1) дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласында:

- 1) дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 2) дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның дактилоскопиялық тіркеу саласындағы құзыреті

Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган дактилоскопиялық тіркеу саласында:

- 1) шетелде Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарынан, Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардан дактилоскопиялық ақпарат жинау және өңдеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

34-бап. Көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның дактилоскопиялық тіркеу саласындағы құзыреті

Көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган дактилоскопиялық тіркеу саласында :

- 1) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдарды дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

35-бап. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының дактилоскопиялық тіркеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары дактилоскопиялық тіркеу саласында:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімін жүзеге асыру және осы адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36-бап. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау

Прокуратура органдары мемлекет атынан дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

37-бап. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібі

Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

38-бап. Қазақстан Республикасының дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

39-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мыналардың:

1) өздерінің дактилоскопиялық ақпаратын немесе өздері заңды мүдделерін білдіретін адамның дактилоскопиялық ақпаратын жинауға және (немесе) өңдеуге, қорғауға байланысты мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау бөлігінде осы Заңның 7-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының;

2) осы Заңның 2-тарауының;

3) дактилоскопиялық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау бөлігінде осы Заңның 37-бабының;

4) Қазақстан Республикасының дактилоскопиялық тіркеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық бөлігінде осы Заңның 38-бабының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында визаларды және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне бармай электрондық форматта берілетін визаларды ресімдеу және беру бөлігінде осы Заңның 10-бабы 2-тармағының б) тармақшасының күші 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 50-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев